


«Тексерілді»
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақша әдіскері:
 М.А.Туякова

Білім беру ұйымы. «Данышпан балақай» жекеменшік балабақша

Топ: №1 «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.03-06.03.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (күрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Күй күмбірі	Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Күй күмбірі	Балаларды жылы жүзбен қарсы алу, көңіл күйін сұрау. Амандасу мәдениетін бекіту Күй күмбірі	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй күмбірі	Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Күй күмбірі
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу	Балалардың үйдегі күн тәртібі туралы әңгімелесу.	Балаңызға өздігінен киіну тәртібіне үйрету жайлы кеңес беру.	Балалардың денсаулығы туралы әңгімелесу.	Балалардың денсаулығы, жетістіктері туралы әңгімелесу.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Түстерді тап. Мақсаты:Балалардың негізгі түстер туралы түсінігін қалыптастыру. Міндеті:Негізгі түстерді көрсетуге және атауға үйрету.Зейінін, есте сақтау қабілетін жетілдіру Танымдық дағдылар	"Кім қалай дыбыстайды?" Мақсаты:Балалардың жануарлардың дауыстарын тану қабілетін дамыту. Міндеті:Жануарлардың атауын айтуға үйрету, сөздік қорын байыту. Әлеуметтік дағдылар	"Қайсысы үлкен, қайсысы кіші?" Мақсаты:Балаларды үлкен және кіші ұғымдарымен таныстыру, көлемін ажырата білуге үйрету. Міндеті:Көріп қабылдауын дамыту, ұсақ моториканы жетілдіру. Танымдық дағдылар	"Көңілді пішіндер" Мақсаты:Балаларды қарапайым пішіндермен таныстыру. Міндеті:Пішіндерді атауға үйрету, көру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Танымдық дағдылар	"Не қайда тұрады?" Мақсаты:Жануарлардың мекені туралы түсінік беру. Міндеті:Жануарлардың қайда тұратынын ажыратуға үйрету, сәйкестендіру дағдысын дамыту. Танымдық дағдылар
Таңғы жаттығу	Таңғы жаттығу (құралсыз) №1 картотека				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін Жадыра Жарасханқызына алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті.				

Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал- жабдықтарды әзірлеу. Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу.	Балаларды ұйымдастырылған іс- әрекетке психологиялық даярлау, құрал- жабдықтарды әзірлеу.	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу.	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу.
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Музыка Мақсаты: Балалардың музыкалық қабілетін дамыту. Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Мақсаты: Негізгі қимыл түрлерін дамыту. Міндеті: Жүгіру, секіру, еңбектеу дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. Тақырыбы: «Анама гүл» Мақсаты: Балаларға анасына гүл сыйлау арқылы қарапайым сөйлемдерді қолдануды үйрету, сөздік қорын байыту және сөйлеу тілін дамыту. Міндеті: Ана туралы қысқа тақпақтар тындап, қайталауға үйрету. Дене тәрбиесі	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Тақырыбы: «Анамен бірге» Мақсаты: Анамен бірге өткізген уақытты сипаттау арқылы сөйлеу тілін дамыту. Міндеті: Қарапайым сөздер мен сөйлемдерді қолдануды үйрету, эмоциялық байланысын нығайту. Құшақтау, сипау қимылдарын қайталау. Дыбыстық жауап беру. Қоршаған әлем	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Мақсаты: Балалардың бұлшық еттерін қыздыру, дене мүшелерін дамыту, икемділік пен үйлесімділікті арттыру. Міндеті: Қол білектерін айналдыру Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ иық деңгейінде. Қолды алға созып, білектерді ішке	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. Тақырыбы: «Анама сыйлық» Мақсаты: Анаға арналған эн тындау. Анаға сыйлық туралы әңгімелеу арқылы сөйлеу тілін дамыту. Міндеті: Қарапайым сөздер мен сөйлемдерді қолдану, сұраққа жауап беру дағдысын қалыптастыру.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. Тақырыбы: «Анамды танымын» Мақсаты: Анасына деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру және сөйлеу тілін дамыту. Міндеті: «Ана», «ма-ма» сөздерін дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қорын молайту және байланыстырып сөйлеуге ынталандыру. Сенсорика Тақырыбы: «Үлкен – кіші» Мақсаты: Балаларға «үлкен» және «кіші» ұғымдарын	Жалпы дамытушы жаттығулар Мақсаты: Балалардың бұлшық еттерін қыздыру, дене мүшелерін дамыту, икемділік пен үйлесімділікті арттыру. Міндеті: Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ иық деңгейінде. Қолды алға созып, білектерді ішке және сыртқа қарай айналдыру. 6–8 рет қайталау. Сенсорика Тақырыбы: «Қызыл және сары түс» Мақсаты: Балаларға қызыл және сары түсті ажыратуды үйрету, сенсорлық дағдыларын дамыту. Міндеті: Қызыл және сары түсті	«Ана көмектеседі» әрекетін көрсету Мақсаты: Анасының көмектесетінін көрсету арқылы әлеуметтік сезімдерін дамыту. Міндеті: Қарапайым әрекеттерді көрсету, сөздік қорын молайту, эмоциясын білдіру дағдысын қалыптастыру. Қимылды ойын Тақырыбы: «Аю қорбандайды» Ойын шарты: Балалар аюдың жүрісін салып, жай, қорбандап жүреді. Тәрбиеші: «Аю орман ішінде қорбандайды...» деп мәтін айтады. Белгі бойынша балалар жылдам жүріп немесе отыра қалады. Мақсаты: Қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту, көңілді белсенділікті арттыру.	және сыртқа қарай айналдыру. 6–8 рет қайталау. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. Тақырыбы: «Анама үй» Мақсаты: «Үй» сөзін тыңдау, үйді көрсету. Үй туралы қысқа әңгіме тыңдау. Міндеті: «Ана», «үй», «мен», «сыйлаймын», «жақсы көремін» сияқты қарапайым сөздерді меңгерту. Сурет салу(мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: Нүкте салу, домалақ, сопақ жасау. Мақсаты: Нүкте, домалақ және сопақ пішіндерін жасау арқылы шығармашылық дағдыларын	Сурет салу(мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Анама сыйлық» Мақсаты: Балаларды қарапайым әшекей жасауға үйрету арқылы шығармашылық қабілетін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Міндеті: Домалақ пішіндерді тізу, жапсыру арқылы үйлестіруге үйрету. Түстерді ажырату (қызыл, сары, көк). Ұқыптылыққа және эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Құрастыру: сыйлық қорап
--	--	---	---	---

қуыршақ арқылы ажыратуды үйрету. Міндеті: Үлкен және кіші заттарды салыстыруға үйрету. Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Күн» Мақсаты: Балаларға күн бейнесін таныстыру. Міндеті: Дөңгелек пішін мен сары түсті бекіту. Саусақпен қағазға нүкте салу. Құрастыру. Тақырыбы: «Еркін тақырып» Мақсаты: Еркін құрастыру арқылы шығармашылық	тануға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту (қойып, ұстап, орналастыру). Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Гүл» Мақсаты: Гүл бейнесін бояу, мүсіндеу, жапсыру арқылы түс пен пішіндерді таныту. Міндеті: домалақ пішіндер жасау дағдысын қалыптастыру. Құралдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Құрастыру. Тақырыбы: «Гүл» Мақсаты: гүлді ірі бөлшектерден құрастыру арқылы шығармашылық қабілетін дамыту.	Міндеті: Аюдың қозғалысын қайталау, тепе-теңдік пен ептілікті дамыту. Сенсорика Тақырыбы: «Жұмсақ және қатты» Мақсаты: Заттардың жұмсақ және қатты қасиеттерін сезу арқылы сенсорикасын дамыту. Міндеті: Затты сезіп, сөзбен сипаттау дағдысын қалыптастыру. Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Жүрек пішіні» Мақсаты: Жүрек пішінін жасау арқылы шығармашылық қабілетін дамыту. Міндеті: Пішіндерді дұрыс орналастыру, түстерді тану, қол моторикасын жетілдіру. Құрастыру.	дамыту. Міндеті: Пішіндерді дұрыс жасау, орналастыру, түстерді тану, ермексаздан домалақ және сопақ пішінін жасау арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Сенсорика Тақырыбы: «Үлкен және кіші текшелер» Мақсаты: Үлкен және кіші текшелерді салыстыру арқылы сенсорлық дағдыларын дамыту. Міндеті: Көлеміне қарай ажырату, дұрыс орналастыру, сөзбен айту	Құрастыру Мақсаты: Балаларды қарапайым бөлшектерден сыйлық қорабын құрастыруға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын және кеңістікте орналастыру дағдыларын дамыту. Міндеттері: Текше, тікбұрыш пішіндерін тануға үйрету. Бөлшектерді бірінің үстіне бірін қою арқылы қорап құрастыруға дағдыландыру. «Үстіне», «астына», «ішіне» ұғымдарын бекіту. Сенсорика. Тақырыбы: Салыстыру Мақсаты: Балаларды заттарды салыстыруға үйрету арқылы сенсорлық қабылдауын және
--	---	---	--	--

	қабілетін дамыту. Міндеті:Бөлшектерді өз калауынша орналастыруға дағдыландыру. Қимылды ойын Тақырыбы:«Қоян секілді секір». Мақсаты:Балалар қоян сияқты жеңіл секіруге үйрету.Қимылға еліктеу арқылы қозғалыс белсенділігін арттыру. Міндеті: екі аяқпен бірге секіру дағдысын қалыптастыру, ойын арқылы қызығушылықпен көңіл күй қалыптастыру.	Міндеті:Пішіндерді дұрыс орналастыру, түстерді тану, қол моторикасын дамыту.	Тақырыбы:Шағын үй құрастыру. Мақсаты:Бөлшектерден шағын үй құрастыру арқылы шығармашылық қабілетін дамыту. Міндеті: Пішіндерді дұрыс орналастыру, қол моторикасын жетілдіру (қояу, қосу, біріктіру).Зейінін және назарын дамыту.	дағдысын қалыптастыру. Құрастыру. Тақырыбы:текшелерден үй құрастыру. Мақсаты:Бөлшектерден шағын үй құрастыру арқылы шығармашылық қабілетін дамыту. Міндеті:Пішіндерді дұрыс орналастыру, қол моторикасын жетілдіру (қояу, қосу, біріктіру).Зейінін және назарын дамыту.	ойлау қабілетін дамыту. Міндеттері:«Үлкен – кіші», «ұзын – қысқа», «жұмсақ – қатты» ұғымдарын бекіту.Заттарды көзбен көріп, қолмен ұстап салыстыруға үйрету.Қарапайым сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін кияді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту				


	Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	№1 картотека Тақырыбы: «Күннің жылуы» Мақсаты: Күннің жарығын, жылуын сезіндіру. Міндеті: Күн туралы алғашқы түсінік қалыптастыру, «жылы», «жарық» ұғымдарын бекіту.	№3 картотека Тақырыбы: «Жел» Мақсаты: Желдің соққанын сезіну. Міндеті: Ағаш бұталарының, киімнің, шаштың қозғалуын бақылату	№4 картотека Тақырыбы: «Аспан» Мақсаты: Аспанды бақылау (бұлтты, ашық) Міндеті: Аспанның көк болатынын және бұлтты, бұлтсыз болатынын түсіндіру.	№5 картотека Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Құстардың дауысын тыңдау, ұшуын бақылау. Міндеті: Құстардың ұшатынын, сайрайтынын көрсету. Құстарға қамқорлық сезімін қалыптастыру.	№6 картотека Тақырыбы: «Ағаштар» Мақсаты: Ағаш бұтақтарын қарау, ағаш туралы түсінік беру. Міндеті: Көктемде ағашта жапырақ өсетінін айту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті.				

	Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қояды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті,	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем Тақырыбы: «Ана а баланы жақсы көреді»	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем Тақырыбы: «Ана гүлді жақсы көреді» Мақсаты: Ана	Көркем әдебиет Үстел үсті театры: «Ана мен бала» Мақсаты: Балаларға ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік пен	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем «Ана үйде» сюжетін ойнау. Мақсаты: Балаларға анасының үйде	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем «Анама сыйлық беремін» үс ел үсті театры.

кітап қарау және басқалары)	Мақсаты:Балаларға анасы мен баланың арасындағы сүйіспеншілікті түсіндіру. Міндеті:Анасын а деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру,аналарын сыйлауға үйрету.Рөлдік ойын арқылы сезімдерін білдіруге үйрету.	гүлді жақсы көреді деген қарапайым ойды түсіндіру, табиғатқа қамқорлыққа үйрету. Міндеті: Гүлді танып, түсін айтуға үйрету, сөздік қорын дамыту.	қамқорлықты көрсету арқылы әлеуметтік және эмоционалды дағдыларын дамыту. Міндеті:Ана мен бала арасындағы қатынасты түсіндіру, рөлдік ойын арқылы сезімдерін білдіруге үйрету	атқаратын қызметін көрсету арқылы әлеуметтік дағдыларын, рөлдік ойлау қабілетін және қамқорлық сезімін дамыту. Міндеті:Ана үйде не істейтінін түсіндіру: «Ана дастарқан жаюда», «Ана гүл суарып отыр».Қарапайым сөздер мен сөйлемдерді бекіту: «Ана», «үйде», «көмектесемін», «ойнаймыз».	Мақсаты:Балаларға анасына сыйлық беру әрекетін көрсету арқылы мейірімділік пен қамқорлық сезімін қалыптастыру Міндеттері: «Ана», «сыйлық», «беремін», «рахмет» сөздерін меңгерту.Сыйлықты екі қолмен ұсыну қимылын үйрету.Сыпайылыққа тәрбиелеу (күлімдеу, алғыс айту).
Балалармен жеке жұмыс	Иса мен Мұхаммед «А-а», «У-у-у» дыбыстық жаттығуларды жасайды. Міндеті: Сөйлеуді дамыту.	Асма мен Мариямға:қызыл және көк түсті ажырату(доп пен).	Әлинұр отбасылық сурет бойынша әңгіме құрады, «Бұл кім?» сұрағына жауап береді. Міндеті: Сөйлеуді дамыту.	Рауан мен Ақниет Жүру және бағыт ауыстыру жаттығуларын жасайды. Міндеті:Қимыл белсенділігін арттыру.	Айсұлтан мен Раяна үлгі бойынша кубиктен мұнара жасайды. Міндеті:Зейінін, есте сақтау қабілетін жетілдіру.

Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Ойын атауы: Күн шықты Шарты: «Күн шықты» дегенде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Күн тығылды» дегенде қолдарын түсіреді.	Ойын атауы: Жел соқты Шарты: Балалар қолдарын жан-жаққа жай қозғалтады. «Жел басылды» дегенде тоқтайды.	Ойын атауы: Жаңбыр тамды Шарты: Балалар саусақтарымен жерді жай тықылдатады. «Жаңбыр тоқтады» дегенде қимылды тоқтатады	Ойын атауы: Құстар ұшады Шарты: Балалар қолдарын жайып, жеңіл жүгіріп жүреді. «Қонды» дегенде отырып қалады.	Ойын атауы: Гүлдер өседі Шарты: Балалар отырып тұрады. «Өсті» дегенде тұрып, қолдарын жоғары көтереді
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.				

	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті.
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут

«Тексерілді»
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақша әдіскері
 М.А.Туякова

Білім беру ұйымы. «Данышпан балақай» жекеменшік балабақша
Топ: №1 «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспарлардың құрылу кезеңі: 10.03-13.03.2026ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау		Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Күй күмбірі	Балаларды жылы жүзбен қарсы алу, жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Күй күмбірі	Балаларды жақсы көңіл күймен қабылдап, бүгінгі көңіл күйлерін сұрау. Күй күмбірі	«Амансың ба, достарым!» Міндеттері: Балаларды бір біріне жақсы көңіл күй сыйлауға үйрету. Күй күмбірі
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу	Ата-аналарға балаларын балабақшаға кешікпей алып келуін ескерту.	Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		Суретпен әңгіме: «Ұлттық тағамдар» Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру, Міндеттері: Балаларға ұлттық тағамдар туралы қарапайым түсінік беру (бауырсақ, қымыз, айран, құрт).	Суретпен әңгіме:«Ұлттық аспаптар» Мақсаты Балаларды қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарымен таныстыру, олардың дыбысына қызығушылықтарын арттыру. Міндеттері: Балаларға ұлттық аспаптар туралы қарапайым түсінік беру.	Ойын – жаттығу: «Биік-аласа, тар-кең»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру. Мақсаты: Балаларды биік–аласа, тар–кең ұғымдарымен таныстыру, заттарды салыстыра білуге үйрету. Міндеттері: Балалардың көру және салыстыру қабілетін дамыту.	Еркін ойын: «Қояндар секіреді». Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту, аяқ бұлшықеттерін нығайту. Міндеті: Қос аякпен секіруге үйре ту, ептілікке, шапшаңдық қа, шыдымдылыққа, төзім ділікке баулу
Таңғы жаттығу	Таңғы жаттығу (құралсыз) №3 картотека.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін Жадыра Жарасханқызына алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу.	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті әзірлеу.	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу.	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҰІӨ		Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Тақырыбы: «Күн шықты көктем келді» Мақсаты: Көктем туралы қысқа әуен немесе такпақ тыңдау. Міндеті: Көктем мезгілінің белгілерін таныстыру. Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Мақсаты: Балалардың денесін шынықтыру, қимыл белсенділігін арттыру. Бұрын үйренген жаттығуларды қайталау. Міндеті: Балалардың денсаулығын нығайту. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Тақырыбы: «Жаңбыр тамшылары». Мақсаты: Балаларға жаңбырды әңгімелер мен өлеңдер арқылы таныстыру. Міндеті: «Там-там» дыбысына еліктеу. жаңбыр туралы қысқа өлеңді тыңдап, қайталауға үйрету. Сенсорика Тақырыбы: «Түсті тап» Мақсаты: Балаларды түс пен заттарды сәйкестендіру арқылы түстерді ажырата білуді дамыту. Міндеті: Негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл) тануға үйрету. Балалардың зейінін және	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығу Мақсаты: Балалардың бұлшық еттерін қыздыру, дене мүшелерін дамыту, икемділік пен үйлесімділікті арттыру. Міндеті: Іш және аяқ бұлшық еттерін дамыту, дене төзімділігін арттыру. Аяқты түзу ұстауға, қимылды асықпай орындауға үйрету. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Тақырыбы: «Көктем гүлі» Мақсаты: Балаларға көктем гүлдерін таныстыру арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту, сөздік қорын байыту және табиғатқа қызығушылықтарын арттыру. Міндеттері: Балаларды гүлдердің атын айтуға	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Тақырыбы: «Көктем қуанышы» Мақсаты: Көктемге арналған ән әуенін тыңдау. Балаларды көктемнің келуінен туатын қуанышпен таныстыру, сөйлеу дағдыларын дамыту және сөздік қорын байыту. Міндеттері: Балаларды көктем туралы әңгімелеп айтуға үйрету (күннің жылуы, гүлдердің ашуы, құстардың оянуы). Қуаныш дыбыстарын шығару. Қол шапалақтау. Сенсорика Үстел үсті
--------------------	--	---	--	---	---

		Қимылды ойын – «Құстар ұшты» Ойын шарты: Тәрбиеші әртүрлі сөздер айтады: «Құстар ұшты!» – балалар қолдарын қанат сияқты қағып, жүгіреді. «Қоян ұшты!» немесе басқа жануар айтылса – балалар қозғалмай тұруы керек. Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, есту арқылы әрекет етуін дамыту. Міндеті: Зейінін, шапшаңдығын дамыту. Балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету. Сенсорика Тақырыбы: «Аз және көп» ұғымы Мақсаты:	қабылдау қабілетін дамыту. Сурет салу(мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Жаңбыр тамшылары» Мақсаты: Балаларға жаңбырдың тамшыларын түрлі әдіспен (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) бейнелеуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттері: Балаларға жаңбыр мен тамшылардың түрлі пішіндері мен мөлшерін көрсету. Түстерді ажырата білуін дамыту (көк, жасыл, сары, қызыл). Құрастыру Тақырыбы: «Еркін тақырып» Мақсаты: Балаларға өз идеялары мен қиялдарын	және сипаттауға үйрету (түсі, пішіні, көлемі). Сөздік қорын дамыту: көктем, гүл, жапырақ, күн, шуағы сияқты жаңа сөздерді енгізу. Сөйлеу және әңгімелесу қабілетін дамыту: гүл туралы сұрақтарға жауап беру, өз ойларын айту. туралы қысқа тапқакты тындау. Сенсорика Тақырыбы: «Үлкен кіші» Мақсаты: Балаларға үлкен және кіші ұғымдарын тәжірибе арқылы үйрету, заттарды салыстыра білу қабілетін дамыту. Үлкен гүл мен кіші гүлді қатар қойып салыстыру. Міндеттері: Балаларды заттарды өлшеміне қарай салыстыра білуге үйрету	ойыны: «Көлеңкесін тап» Мақсаты: Балаларды заттың көлеңкесін сәйкестендіру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Міндеттері: Балаларға зат пен оның көлеңкесін сәйкестендіруді үйрету. Зейінін, бақылау қабілетін дамыту. Қимылды ойын – «Қояндар секіреді» Ойын шарты: Балалар «қоян» болып, екі аяқпен секіреді. Тәрбиеші: «Қояндар секіреді!» дегенде балалар еркін секіреді. «Қояндар тығылды!» деген белгіде балалар отырып қалады.
--	--	---	---	--	---

		Балаларға аз және көп ұғымдарын түсіндіру. Міндеті: Салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Күн шуағы» Мақсаты: Балаларға күннің шуағы туралы түсінік беру, саусақпен сары бояумен нүктелер салу арқылы күн бейнесін жасай білуге үйрету. Міндеті: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Күн шуағы» Мақсаты: Балалардың құрастыруға	пайдаланып, бөлшектерді біріктіру арқылы түрлі заттар немесе бейнелер жасауға үйрету. Міндеттері: Балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын дамыту. Бөлшектерді сәйкесінше біріктіріп құрастыруға үйрету. Қимылды ойын Тақырыбы: «Күн мен бұлт» Ойын шарты: «Күн» дегенде балалар қозғалады, «Бұлт» дегенде тоқтайды. Мақсаты: Балаларға көктем мезгілінде күн мен бұлттың бар екенін сездіру, қозғалыс арқылы табиғат құбылыстарын көрсету және дене моторикасын дамыту. Міндеттері:	Сурет салу(мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Көктем гүлі» Мақсаты: Балаларға көктем гүлдерін түрлі әдістермен (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) бейнелеуді үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеті: Пішіндер мен текстураны сезу: қағаз, мата, ермексаз, табиғи материалдар арқылы гүл жасау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту: гүлдерді суреттеу, саусақпен бояу, жапсыру немесе мүсіндеу. Қиял мен шығармашылық қабілетін арттыру: гүлдерді әртүрлі түстермен, формалармен жасау. Құрастыру: гүлді ірі бөлшектерден құрастыру.	Мақсаты: Балалардың дене моторикасын, тепе-теңдікті және секіру дағдыларын дамыту, қимыл арқылы қиялдарын ояту. Міндеттері: Балаларды секіру, тұру, қозғалысты үйлестіру арқылы дене тәрбиесіне үйрету. Сурет салу(мүсіндеу, жапсыру) Тақырыбы: «Ағаш» Мақсаты: Балаларға ағаштың пішінін, бөліктерін таныстыру, оны түрлі әдістермен бейнелеуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттері: Ағаш бөліктерін тану:
--	--	---	--	--	--

		қызығушылығын арттыру, бөлшектерді біріктіру арқылы күннің шуағын құрастыра білуге үйрету. Міндеттері: бөлшектерді түсі мен пішініне қарай таңдай білуге үйрету. Балалардың ойлау, қиялдау және зейін қабілеттерін дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Балаларға қимыл арқылы күн мен бұлтты көрсетуге үйрету. Қол-аяк үйлесімін, тепе-теңдікті дамыту. Табиғат құбылыстарына қызығушылықты арттыру.	Мақсаты: Балаларға гүлдің пішінін, бөліктерін таныстыру және ірі бөлшектерді біріктіре отырып гүл жасауға үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеттері: Балаларға гүлдің бөліктерін (жапырақ, гүл шоғыры, сабақ) тануды үйрету. Ірі бөлшектерді дұрыс орналастыру арқылы құрастыру қабілетін дамыту.	сабағы, жапырақтары, гүлдері (егер болса). Түстерді ажырата білу: жасыл, қоныр, сары (көктемде гүлдер болса қызғылт, сары). Құрастыру: «Еркін тақырып» Мақсаты: Балаларға өз идеялары мен қиялдарын пайдаланып, бөлшектерді біріктіру арқылы түрлі заттар немесе бейнелер жасауға үйрету. Міндеттері: Балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын дамыту. Бөлшектерді сәйкесінше біріктіріп құрастыруға үйрету.
--	--	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Серуен	№9 картотека Мақсаты: Балаларды күннің жарығы мен көлеңкенің бар екенін сезуге, табиғатты бақылауға үйрету, қозғалыс және қимыл арқылы қоршаған ортаны тануды дамыту. Міндеттері: Балаларды күн сәулесін және көлеңкені бақылауға үйрету. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын арттыру. Қозғалыс арқылы дене моторикасын және тепе-теңдікті дамыту. Балалардың зерттеу, бақылау және ойлау қабілеттерін жетілдіру.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету)

	дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыда нояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		Үстел үсті ойыны Ойын: «Түстерді тап» Мақсаты: Балалардың түсті тану қабілетін, зейінін және ойлау дағдыларын дамыту. Міндеттері: Балаларды түс пен пішінді сәйкестендіруге үйрету.	Қуыршақ театры «Бауырсақ ертегісі» Мақсаты: Балалардың ертегі мазмұнымен таныстыру арқылы тыңдау, түсіну және қызығушылықтарын дамыту. Міндеттері: Балалардың ертегіні мұқият тыңдауға үйрету. Сөйлеу тілін және сөздік қорын дамыту.	Қоршаған әлемді таныту. «Гүлді жұлмаймыз, қараймыз» видеоролик көрсету. Мақсаты: Балаларға гүлдерді қорғау, табиғатты сыйлау және қоршаған ортаны қадірлеу дағдыларын дамыту. Міндеттері: Балаларды гүлдерді, ағаштарды, өсімдіктерді жұлмауға үйрету. Қоршаған ортаға жауапкершілік пен мейірімділік сезімін қалыптастыру	Қоршаған әлемді таныту. Міндеттері таныту «Көктем келді» видео көрсету Мақсаты: Балаларға көктемнің келуін көрсету арқылы қоршаған ортаны тану, сөйлеу және қиял қабілетін дамыту. Міндеті: Балаларды көктем мезгіліндегі табиғат

Серуен		Ойын атауы: Жел соқты Шарты: Балалар қолдарын жан-жаққа жай қозғалтады. «Жел басылды» дегенде тоқтайды.	Ойын атауы: Күнге қарай Шарты: Балалар күнге қарай қол созады, тәрбиеші айтқанда қолдарын түсіреді.	Ойын атауы: Су ағады Шарты: Балалар бір қатармен баяу жүреді. «Су тоқтады» дегенде тоқтайды.	Ойын атауы: Құстар келді Шарты: Балалар алаңға жүгіріп шығады. «Ұяға» дегенде бір жерге жиналады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін Жадыра Жарасханқызына алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				

					құбылыстарымен таныстыру: гүлдер ашылады, құстар оянады, күн жылынады.
Балалармен жеке жұмыс		Ибрахим мен Сезім жүру және бағыт ауыстыру жаттығуларын жасату. Міндеті:Қимыл белсенділігін арттыру.	Аруназ бен Раяна Ермексаян гүл жасату.	Ернұрға «бар», «жоқ» сөздерін үйрету.	Ғадият пен Аянаға түстермен таныстыру(қызыл, сары) «қызыл доп» деп айту
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				

«Тексерілді»
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақша әдіскері
 М.А.Туякова

Білім беру ұйымы. «Данышпан балақай» жекеменшік балабақша
Топ: №1 «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспарлардың құрылу кезеңі: 16.03-20.03.2026ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, көңіл-күйін сұрау. Күй күмбірі	Балаларды жылы жүзбен қарсы алу. Балалармен амандасып, көңіл күйін бақылау. Күй күмбірі	Балаларды нейро жаттығумен қарсы алу. Күй күмбірі	Балаларды жылы жүзбен қарсы алу, жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Күй күмбірі	Балаларды жылы жүзбен қарсы алу, көңіл күйін сұрау. Амандасу мәдениетін бекіту Күй күмбірі
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу.	Ата-анамен баланың тамақтану және ұйқы тәртібі туралы әңгімелесу	Ата-анамен баланың балабақшадағы тәртібі мен бейімделуі туралы әңгімелесу.	Үйде баланың өз бетінше киініп-шешінуіне мүмкіндік беруге кеңес беру.	Апта бойындағы баланың жетістіктері туралы ата-анаға айту.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық,	«Көктемгі ағаштар» Мақсаты: Балалар көктем мезгілі туралы түсінік беру. Міндеті: Дәстүрден тыс сурет салудың	«Оюланған кесе» Мақсаты: Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныстыру. Міндеті: Балаларға	Өткен сөздерді пысықтау. Мақсаты: Балалардың бұрын үйренген сөздерін еске түсіріп, қайталау.	«Бес саусақ» саусақпен ойын Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын дамыту. Міндеті: Балаларды	«Жануарлар әлемі» Мақсаты: Жануарлар туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Міндеті: Жануарлард

еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	әдіс-тәсілімен, мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салу. Шығармашылық дағдылар	қазақтың ұлттық ою-өрнектертері туралы түсінік бере отырып, кесеге ою жабыстыру. Шығармашылық дағдылар.	Міндеті: Бұрын танысқан сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Коммуникативтік дағдылар	саусақ атауымен таныстыру, сөйлеуді дамыту.	ын атауларын дұрыс айтуға үйрету.Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.
Таңғы жаттығу	Таңғы жаттығу (күралмен доппен) №12 картотека				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				

